

Г. Б. КӨБДЕНОВА

ЛЕКСИКОГРАФИЯДАҒЫ ТАРИХИ БАҒЫТТАҒЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ЖІКТЕЛІМІ

Кез келген ғылым саласының нысанын жан-жақты, терең әрі перспективалық жіктелім (классификация) жүйесінсіз салыстырып, сипаттауға болмайды. Әдетте, жан-жақтылық дегенде сол саланың барлық нысандарын қамту мүмкіндігі, тереңдікте, жіктелімнің көп деңгейлігі, перспективалықта – жаңа нысандардың енгізілуі түсініледі. Лингвистикалық сөздіктердің жіктелімі толықтай жетілдіруді қажет етеді. Бұндай жіктемелерде әр сөздік негізінен бір белгісі тұрғысынан сипатталады. Бұл тәріздес жіктемелерде сөздіктерді толықтай сипаттау, лексико-графияның даму бағыттарын айқындау мүмкін болмады. Сонымен қоса, осы жіктемелердің төңірегінде көптеген шешімін таппаған сұрақтар туындады.

Орыс лексикографиясындағы бірінші теориялық жіктелім – академик Л.В.Щербаның жіктелімі болып саналады (Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии. Этюды I – Основные типы словарей, ИАН ОЛЯ, 1940, 3) [1]. Алты антиномиядан құрастырылған жіктемеде түсіндірме, аударма сөздіктер сипатталады. Бүгінгі күнде, әр-түрлі лексикографиялық жұмыстардың қарқынды дамып, сөздіктердің жаңа түрлері пайда бола бастаған кезде бұл мәселеге жан-жақты қарау қажеттігі туындап отыр.

Төменде Л.В. Щербаның жалпы тұжырымдамаларының негізінде жасалынған А.М. Цывиннің, басқа да авторлардың жіктеме жүйесіне талдау жасамақпыз [2].

Ұсынылып отырған жіктеменің құрылым сызбасында сөздік бір айырым белгінің негізінде 1-ші деңгейдегі топшаларға сараланады. 1-ші деңгейдегі топшалар сол айырым белгілер бойынша 2-ші деңгейдегі топшаларға бөлінеді. Бұндағы басты айырым белгі: сөздіктердегі тарихи процестердің көрінісі.

Синхрондық сөздіктерде (1) белгілі бір уақыт кезеңінің лексикасы сөздік құрамның қозғалысынан, уақыт шамаларынан тыс қарастырылады. Бұндай сөздіктерде сөздің бірінші көрініс беруі, сол тілде пайда болу тарихы, тұлғалардың, семантикалық құрылымның өзгеру кезеңдері, функционалдық сипаттамасы жүйелі түрде берілмейді.

Диахрондық сөздіктер (1^с) белгілі бір уақыт аралығындағы лексиканың даму динамикасын көрсетеді, толықтай немесе ішінара сөздің семан-

тикалық құрылымының дамуын, сөздер мен мағыналардың пайда болуы мен олардың көнеруін, сөздің мағынасы мен тұлғасының өзгеруін қарастырады.

Жаңа сөздер мен мағыналарды белгілеп көрсететін диахрондық сөздіктерді *перспективті* деп атаймыз.

Ретроспективті этимологиялық сөздікке (1^с. 2^с. 3) орыс лексикографиясындағы М.Фасмер мен О.Н. Трубачевтің этимологиялық сөздіктері жатады.

Ретроспективті тарихи-тіркеуші сөздік (1^с. 2^с. 3^с. 4^с) үлкен уақыт аралығындағы ескерткіштердегі барлық сөздерге статистикалық тіркеу жасап, тіркеуге алынған барлық ескерткіштерден сөздердің мағынасын таңдалған дәуір бойынша айқындайды. Бұған орыс тіліндегі «XI–XIV ғғ. ежелгі орыс тілінің сөздігі» мен «XI–XVII ғғ. орыс тілінің сөздігін» жатқызуға болады.

Ретроспективті тарихи-динамикалық сөздік (1^с. 2^с. 3^с. 4) – бұл Л.В.Щербаның «толық мағынасындағы тарихи» деп жазған сөздігі. Бірақ бұндай сөздік үлгісі әзірге жасалған жоқ. Автордың ойынша, «XVIII ғ. орыс тілінің сөздігі» осы түрде болу керек [2, 100; 105]. Орыс тарихи сөздіктерінің теориясы мен тәжірибесін зерттеген танымал ғалым Г.А. Богатова қазіргі орыс тілінің ретроспективті тарихи сөздігін немесе орыс тілінің тарихи сөздігін жасамастан бұрын толық жалпыфилологиялық және аймақтық сөздіктер, жеке кезеңдердің, жеке жанр, жеке жазба ескерткіштердің сөздіктері, тілдік реконструкция-сөздіктері жасалу қажеттігін атап көрсетеді [3, 29]. Г.А.Богатова тарихи бағыттағы сөздіктерді былайша бөледі:

- 1) *этимологиялық немесе тарихи-этимологиялық,*
- 2) *тарихи,*
- 3) *диалектілік сөздіктер* [4, 80].

Қазақ тілінің лексикография тарихын зерттеген лексикограф ғалым М.М. Малбақов қазақ тіліндегі сөздіктердің түрлерін: 1) ағымдағы тіл сөздігі, 2) қазіргі заман тілі сөздігі, 3) ұлттық идеяға негізделген, тарихи принципке құрылған сөздік түрінде жіктей отырып «Сөздікте қаралатын бірліктің тарихын көрсету жағынан сөздіктер *диахрониялық* және *синхрониялық* болып бөлінеді. Диахрониялық (тарихи) сөздіктерде сөздің тарихы бейнеленеді. Лексикалық бірліктің орналасу сипаты жағынан

сөздіктер *тұрпат тұрғысынан реттелетін және мазмұн тұрғысынан реттелетін сөздік* түрлеріне бөлінеді. Тұрпат тұрғысынан реттелетін сөздіктерде лексикалық бірліктерді орналастыру принципі ретінде бірліктің сыртқы тұрпаты алынады. Бұл түрге әліпбилік және кері әліпбилік сөздіктер жатады. Демек, біздің түсіндірме сөздіктеріміздің тұрпат тұрғысынан реттелетін сөздіктер қатарына жататыны белгілі. Мазмұн тұрғысынан реттелетін сөздіктерге идеографиялық, ұялық сөздіктер т.б. жатады» дейді [5, 330]. Ғалымның ойынша, тарихи сөздікті тұрпат тұрғысынан да, мазмұн тұрғысынан да реттелетін сөздікке жатқызуға болады.

Украин ғалымы В.В. Дубичинский жалпыға таныс сөздіктердің жіктеліміне сүйене отырып сөздіктің түрлерін нақтылай түседі:

хронологиялық ұстаным бойынша: этимологиялық, тарихи сөздіктер.

лексиканың аймақтық, жергілікті ерекшеліктеріне байланысты: диалектілік, аймақтық сөздіктер. Автордың пайымдауынша, кейде сөздіктердің арасын ажырату қиынға түседі. Сондықтан ондай сөздіктерді аралас немесе кешенді сөздіктер деп бөлу абзал (түсіндірме-аударма, аударма-синонимдік, этимология-фразеологиялық және т.б.) [6, 137].

Г.А. Богатова өз еңбегінде тарихи бағыттағы сөздіктердің жіктеу мәселесінде *нақты тарихи тәсіл* жатқандықтан, барлық тілдерге арналған жалпы сипаттағы сөздіктердің жіктелімдерін жасаудың қиындығын, бұл жіктелімдердің тарихи бөлігінде жеке тілдердің айтарлықтай айырмашылықтары болатынын айтады [7, 80-84]. Сөздік түрлерін біріктіру кітаби-жазба мәдениеттің даму ерекшеліктеріне байланысты болатын ұзақ процесс. Тіл-тілде лексиканың сипатталу «тереңдігі» әртүрлі болады, яғни жазу кезеңінің басы әр жағдайда бір-біріне сәйкес келмейді. Тілдің даму кезеңдері де, осы кезеңдердің ұзақтығы да әртүрлі болады. Демек әр тілдегі тарихи сөздіктерде алға қойылатын міндет пен мүдде әртүрлі болады. Бір жазба ескерткіш материалдарының негізінде жасалатын «кезең» сөздігі мен «эволюция» сөздігі де басқаша болады. «Горизанталды кезең» сөздігі негізінен сөздің формалды жағына назар аударумен айрықшаланады, мысалы жазылудың барлық нұсқаларын белгілеп, сөз түрлендіру тұлғаларын, сөз қолданысындағы ерекшеліктерді, сөздің тіркесімділігін, яғни тілдегі даму мен өзгерістерді көрсетеді. Бұған орыс тілі тарихи лексикографиясынан «Словарь древнерусского языка XI – XIV вв.», «Словарь русского языка XVIII в.» сөздіктерін жатқызуға болады. «Эволю-

ция» сөздіктерінің хронологиялық шегі кенірек болады, яғни үлкен кезенді қамтиды. «Эволюция» сөздігіне диахрондық сөздіктер үлгісіндегі «Словарь русского языка XI–XVII вв.», аралас типтегі сөздіктер, диалекті материалдарын қамтыған тарихи сөздік, мәселен, «Древнеболгарский словарь IX–X–XII вв.» үлгісіндегі сөздік, тарихи-этимологиялық сөздіктер, В.И.Абаевтың «Осетин тілінің тарихи-этимологиялық сөздігі» жатады.

Бір тілдегі сөздіктер, соның ішіндегі тарихи бағыттағы сөздіктер, сөзтізбенің сипаты (өткен дәуір немесе бүгінгі күнге қатысы, сөзтізбенің толық, толық еместігі) бойынша типология мәселесінен тыс кете алмайды, яғни сөздіктердің жіктелімі сөзтізбенің сипаттау әдіс-тәсілдері мен құрылымына байланысты. Біз бұл тақырыпта типология мәселесіне тоқталмаймыз, себебі басты мақсат – тарихи бағыттағы сөздіктер

жүйесіндегі диахрондық типтегі тарихи сөздіктің орны мен ерекшеліктерін анықтау. Белгілі бір мөлшерде мұндай салыстыру, сөздіктердің жіктелімі, тарихи лексикографияның қазіргі кезеңдегі міндеттерін шешуге жәрдемдеседі. Ю.Н. Караулов лексикографияда төрт саланы атайды: терминологиялық, есептік, үйренімдік және жалпы лексикография. Біз жалпы лексикографияны, соның ішінде оның тарихи бөлімін сөз етіп отырмыз.

Тарихи сөздіктер сөзтізбенің толық, толық еместігіне байланысты *жалпыфилологиялық* (толық, жиынтық, тезаурус типті) және *дифференциалды* деп бөлінеді.

Жалпыфилологиялық сөздіктердің үлкен тобын *аспектілік-филологиялық сөздіктер* құрайды. Аспектілік-филологиялық сөздіктер сөздің бір қырын қарастырады, мысалы лексикадағы синонимдік, антонимдік, жиілік, варианттылық, валенттілік, акценттілік қатынастар. Бұған орыс тіліндегі 1974 ж. жарық көрген, 27 ескерткіштің лексикасы түгел қамтылған «XVI ғ. екінші жартысы мен – XVII ғ. басындағы орыс тілінің жиілік сөздігін», В.Е. Ушаковтың «XIV ғ. ортасындағы ежелгі орыс тілінің акценттік сөздігін» (М., 1982 ж.) жатқызуға болады.

Сөздіктерді диахрондық аспектіде зерттеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселесінің бірі. Бұл салада тілдік құбылыстардың тарихи тепе-теңдігі, тілдердің тепе-теңдігі туралы мәселеде екі тұжырымдама қайшы келеді (Р.И.Аванесов, А.П.Евгеньева мен Р.И. Будагов, А.А.Брагина, О.Н.Трубачевтердің ұстанымдары). Оларға талдау жасау, салыстыра отырып зерттеу алдағы жұмыстардың міндеті.

Жалпыфилологиялық сөздіктерге дифференци-

алды сөздіктер қарама-қарсы келеді. Бұларға тарихи-филологиялық арнайы терминологиялық сөздіктер бойынша қоғамдық-саяси, құқықтық және т.с.с. лексиканың, көмекші сөздер мен сын есімді, етістікті тұлғалардың т.б. сөздіктері жатады. Көнерген сөздер сөздігі мен фразеологиялық сөздіктер белгілі дәрежеде тарихи мәлімет пен тарихи интерпретацияны камтиды [7, 84].

Лексикография саласының қарқынды дамуына байланысты тарихи бағыттағы сөздіктердің жана түрлері жасалында. Олар: тарихи-этимологиялық, тарихи диалектілік сөздіктер, тарихи-этнографиялық сөздіктер, тарихи аймақтық сөздіктер және т.б. [8, 9].

Сөздік – бұл дәуірдің «жемісі». Оның жасалуы көп жағдайда мәдени-тарихи жағдайларға, теориялық лингвистикаға, лексикографтың қолданатын мәтіндеріне тәуелді. Тарихқа неғұрлым терең бойлаған сайын, тарихи зерттеулер көбейген сайын тарихи сөздіктердің де түрлері көбейіп, соған сәйкес жіктемелің де ауқымы кеңеймек.

Сөздіктердің жіктемесін түзуде, соның ішінде тарихи бағыттағы сөздіктерді жіктеп, саралауда көп жағдайға, мәдени, тарихи жағдайларға назар аударып, әр тілдің өзіне тән даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы орайда П.Н.Денисовтың «Сөздіктердің жіктемесі дегеніміз қандай да бір мәдениеттің таралу аймағында, қандай да бір ұлттық лексикографиялық дәстүрде тарихи қалыптасқан сөздіктер мен бағыттардың жүйеленген тәжірибелік сипаттамасы»

деген пікірін қостауға тура келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. Л.: Наука, 1974.
2. Цыгин А. М. К вопросу о классификации русских словарей // Вопросы языкознания. 1978. №1. С. 100-108.
3. Богатова Г. А. История слова и русская историческая лексикография // Проблемы славянской исторической лексикологии и лексикографии. Тезисы конференции. Октябрь 1975. М., Выпуск 4. М., 1975. С. 23-32.
4. Богатова Г. А. Историческая лексикография как жанр // Вопросы языкознания. 1981. №1. С. 80-89.
5. Малбақов М. М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы: Ғылым, 2002.
6. Дубичинский В. В. Принципы лексикографирования и типология словарей // Современные проблемы лексикографии. Харьков, 1992.
7. Богатова Г. А. История слова как объект русской исторической лексикографии. М.: Наука, 1984.
8. Теория и практика русской исторической лексикографии (Кіріспе сөзі) / Ред. Г. А. Богатова. М.: Наука, 1984.